



«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) акционерлерінің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен сырттай дауыс беру арқылы Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында қабылданған шешімге (2021 жылғы 23 сәуірдегі № 45 хаттама) сәйкес бір жай акцияға 18,00 теңге мөлшерінде 2020 жыл қызметінің қорытындылары бойынша Банктің жай акциялары (ISIN KZ000A0LEOS4) бойынша дивидендтер төлеу аяқталғаны туралы хабарлайды.

2021 жылғы 26 сәуірдің сағат 00:00 жағдайы бойынша дивидендтер алуға құқығы бар акционерлер тізіміне сай төленуі тиіс Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер сомасы 211 573 млн. теңгені, оның ішінде базалық активі Банктің шығарылған жай акциялары болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттар бойынша 56 896 млн. теңгені құрады.

2021 жылғы 01 маусымнан (дивидендтер төлеу басталған күн) бастап 2021 жылғы 22 шілдені қоса алған күнге дейін Банкте немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесінде немесе номиналды иелену есебінің жүйесінде дивидендтер төлеу үшін өзекті деректемелері бар Банк акционерлеріне нақты төленген дивидендтер сомасы 211 035 млн. теңгені, оның ішінде базалық активі Банктің шығарылған жай акциялары болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттар бойынша 56 896 млн. теңгені құрады.

Есептелген, бірақ акционерлердің өзекті деректемелерінің болмауына байланысты төленбеген жалпы сомасы 538 млн. теңгені құрайтын дивидендтерді Банк 2021 жылғы 27 шілдеде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-та (бұдан әрі – Орталық депозитарий) ашылған шотқа аударды. Осылайша Банк акционерлері Банк есептеген, бірақ Банктің жай акциялары бойынша алынбаған дивидендтерді алу үшін Орталық депозитарийге келесі мекенжайлар бойынша:

Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Сәтпаев к-сі, 30/8 ү., «Теңіз тауэрс» ТК аумағында (байланыс телефоны: 8 (727) 312 33 04);

не «Қазпошта» АҚ офистерінде орналасқан трансфер-агент офистеріне өтініш білдіру қажет.

Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу мәселелері жөнінде қосымша ақпарат алу үшін акционерлер Топ капиталын басқару департаменті қызметкерлерінің +7 727 330 15 46, +7 701 764 75 05, +7 701 788 33 51 байланыс телефондары бойынша өтініш білдіру қажет.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ